

Бірлігі жарасқан ел

Өскеменде Достық үйлерінің Бірінші Республикалық конгресі өтті

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай өткізілген іс-шара екі күнге созылды. Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде 23 қыркүйекте пленарлық отырыс өтті.

— Түрлі этнос өкілдері Шығыс Қазақстанның және көпұлтты еліміздің дамуына жандарын салып, еңбектерін сіңірді, — деп атап өтті ШҚО әкімі Нұрымбет Сақтағанов құттықтау сөзінде. — Осындай мәдени әртүрлілік — біздің күшіміз бен мақтанышымыз. Осыдан 33 жыл бұрын дәл біздің облыста азаматтардың (этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қоғам қайраткерлері мен ақсақалдар) бастамасымен елдегі алғашқы Достық үйі ашылғаны кездейсоқ емес. Бүгінде мұндай үйлер бүкіл ел бойынша жұмыс істейді. Біз бұл тәжірибені сақтауға және дамытуға міндеттіміз. Шығыс Қазақстан этноәлеуметтану және этнография саласында үлкен әлеуетке ие. Өңірде республикалық және халықаралық деңгейде танылған беделді ғалымдар жұмыс істейді. Олардың қатысуымен жас ғалымдар клубы құрылып, білім беру бастамалары іске асырылуда. Мемлекеттік басқару академиясымен бірлесіп этносаясат және этнокоммуникация саласында мемлекеттік қызметшілерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру курсы әзірленді. Біз мұндай бастамаларды толықтай қолдаймыз және оларды іс жүзінде қолдануға тырысамыз. Бейбітшілік, келісім және бір-бірімізге деген құрмет



— бізді бүгінде біріктіріп тұрған нәрсе.

Достық үйлерінің Бірінші Республикалық конгресінің құрметті қонағы, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов Шығыс Қазақстанда сегіз достық үйі бар екенін атап өтті. Бұл республиканың барлық облыстарындағы ең үлкен көрсеткіш. Жалпы елімізде 32 өңірлік достық үйі бар. Олар қоғамды біріктіру, этносаралық бірлікті сақтау мен дамытудың маңызды миссиясын орындауда.

— Қазақстан тұрғындарының этникалық шығу тегі әртүрлі болғанына қарамастан, біздің ортақ мемлекеттік рәміздеріміз бар: Ту, Елтаңба және Өнұран, өйткені біз — бір мемлекеттің азаматымыз, — деп мақтанышпен

айтты Марат Алмасұлы. — Біздің қуаныштарымыз бен қайғыларымыз, мақсаттарымыз бен ұмтылыстарымыз ортақ.

Екі күндік конгреске еліміздің түкпір-түкпірінен келген Достық үйлерінің, мемлекеттік органдардың, этномәдени және жастар бірлестіктерінің 100-ден астам өкілдері қатысты. Бірінші күні қонақтар этномәдени бірлестіктермен кездесіп, «Достық тәжірибелері: нәтижелі үлгілер» атты сараптамалық сессиясына қатысты, Сол жағалау кешеніндегі этноауылға барып, түрлі ұлттардың тұрмысымен, өнерімен және мәдениетімен танысты.

Күннің екінші жартысында Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде пленарлық отырыс өтті. Онда қатысушылар

этносаралық келісімді нығайту мүмкіндіктерін талқылады, қызмет жолындағы тәжірибесімен бөлісті және мәдениеттер диалог орталықтары жұмысының тиімділігін арттыру бойынша қадамдарды белгіледі.

Конгресс 24 қыркүйекте Риддерде аяқталды, онда ашық диалог форматында «Ассамблея жастары» жастар активінің мектебі өтті. Қатысушылар пікір алмасып, этносаралық келісімді нығайту бойынша одан әрі жұмыс істеу мүмкіндіктерін талқылады. Қорытындылай келе, олар Бірінші Республикалық конгресс ел үшін тарихи оқиға екенін атап өтті және мұндай кездесулердің жыл сайын өткізілуі туралы тілектерін білдірді.

Юлия СОЛОВЬЕВА,
автордың фотосы

Қысқа

Жоғарыдан тамашалау

ШҚО-да тағы бірнеше бақылау алаңдары салынбақшы.

«Altai Invest — 2025» халықаралық инвестфорумы барысында Ұлан ауданының әкімі Арман Бекбосынов пен «ЭМТРЭВЭЛ» ЖШС директоры Алексей Аксенов 56 миллион теңгеге бақылау алаңын салу туралы меморандумға қол қойды. Сонымен бірге осы компания басқа келісімге сәйкес Үлкен Нарын ауданында бақылау алаңы мен туристік үйлер салуға ниетті.

Тікелей мүдделілік бар

ШҚО-да Ұрынқайдан ҚХР шекарасына баратын жол салынады.

«Altai Invest — 2025» халықаралық инвестициялық форумында жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы ҚХР компанияларымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Келісім шеңберінде тараптар «Ұрынқай — Тосқайын — Шанағатты — «Маралды» шекара заставасы — ҚХР шекарасы (Байқаба) автожолының құрылысы» жобасы бойынша бірлесіп жұмыс істейтін болады.

Жағалауды игеруде

Сібе көлдерінде демалыс базаларының құрылысы жалғасады.

Бұл туралы 26 қыркүйекте Өскеменде өткен «Altai Invest — 2025» халықаралық инвестфорумы кезінде белгілі болды.

Форум аясында Ұлан ауданының әкімі Арман Бекбосынов, «ШҚО өңірлік мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы» АҚ басқарма төрағасы Ержан Шурманов және «Виста Лаго» ЖШС директоры Жанна Шакенова 11,5 миллиард теңге сомасына бірінші Сібе көлінде (Садыркөл) туристік база салу туралы келісімге қол қойды.

Өзен әлеуетін пайдаланады

ШҚО-да бірден бірнеше шағын ГЭС пайда болуы мүмкін.

Инвесторлармен тиісті меморандумдарға 26 қыркүйекте ШҚО-да өткен «Altai Invest — 2025» халықаралық инвестициялық форумында қол қойылды. Осылайша, «Global Turbo Compressors» ЖШС Үбі өзенінде (Шемонаиха ауданы) 200 миллиард теңгеге екі гидроэлектростанция; «CAPITAL DVP» ЖШС — Лесная Пристань ауылының (Алтай ауданы) маңында 45 миллиард теңгеге екі ГЭС; «ЖЕЛ ҚУАТ» ЖШС — Кіші Үлбі өзенінде (Алтай ауданы) 15 миллиард теңгеге станция салуды көздеп отыр.

Көгілдір экипировкамен

Ауыл шаруашылығы интервьюерлерін sanaq.gov.kz сайты немесе 1446 нөмірі арқылы тексеруге болады

Қазақстанда ауыл шаруашылығы санағының ең қауымды — екінші кезеңі жалғасып жатыр. Еліміз бойынша 2,5 мыңнан астам Ұлттық статистика бюросының интервьюері елді мекендерді аралап, аграрлық салаға қатысты деректерді жинап жатыр.

Интервьюерлерді арнайы көгілдір түсті формасынан және бейджі бар қызметтік куәлігінен оңай тануға болады. Бейжде орналасқан QR код арқылы қызметкердің жеке басын бірден тексеруге мүмкіндік бар.

Сонымен қатар интервьюердің куәлік нөмірін sanaq.gov.kz сайтындағы «Интервьюерді іздеу» бөлімінде енгізу арқылы немесе 1446 бірыңғай байланыс орталығына қоңырау шалып, ақпаратты нақтылауға болады.

«Біз халықты ақпараттандыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізіп жатырмыз, оның ішінде ауыл чаттары арқылы да хабарлап отырмыз. Біздің интервьюерлер жеке бастың немесе банк деректерін сұрамайды, барлық

сауалдар тек санақ пен ауыл шаруашылығы тақырыбына қатысты. Біз тұрғындарды ашық әрі шынайы жауап беруге шақырамыз. Бұл деректер ауыл шаруашылығының жағдайын объективті бағалауға және қолдау шараларын айқындауға негіз болады», — деді Ұлттық статистика бюросы басшысының орынбасары Өсел Шауенова.

Егер интервьюер келген кезде үйде ешкім болмаса, ол байланыс деректері көрсетілген хабарлама қалдырады. Мамандардың белгіленген мекенжайға бару фактісі GPS жүйесі арқылы тіркеледі. Жалпы, интервьюерлердің жұмысы тұрақты бақылауда. Әрқайсысына сауалнаманы дұрыс жүргізуді қадағалайтын нұсқаушылар бекітілген. Сондай-



ақ өңірлерге Ұлттық статистика бюросының жұмыс тобының мүшелері шығып, санақтың жүргізілу тәртібі мен жиналған деректердің объективтілігін тексереді. Күн сайын деректердің сапасы бақылаудан өтеді, мұнда қателіктер анықталса, мысалы, респонденттің мекенжайы дұрыс енгізілмесе немесе көрсеткіштер

күмәнді болса, түзетулер жасалады.

Ұлттық статистика бюросы барлық жауаптардың құпия сақталатынын және тек ресми статистиканы қалыптастыру үшін ғана пайдаланылатынын еске салады.

Ауыл шаруашылығы санағының офлайн кезеңі 20 қазанға дейін жалғасады.

Риддерде "SHNET" ЖШС-нің өтінімі бойынша жария тыңдаулар өтеді

ТМРК ШҚО бойынша департаменті 2025 жылдың 7 қазанда сағат 10.00-де Риддер қаласы, Тохтаров көшесі, № 6А үй мекенжайы бойынша "SHNET" ЖШС-нің жылу энергиясын өндіру қызметіне тарифтер мен тарифтік сметаның жобаларын қарау бойынша жария тыңдау өтетінін хабарлайды.

Сонымен қатар, тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар Департаменттің Facebook-тегі ресми парақша арқылы онлайн режимінде жария тыңдауларға қатыса алатынын хабарлаймыз.

Жария тыңдауға қатысу үшін "FACEBOOK" қосымшасында іздестіруге Департамент РЕМ ВКО енгізу қажет.

Кез келген адам онлайн-режимде өз сұрақтарын қоя алады және оларға жауап ала алады.

В Риддере пройдут публичные слушания по заявке ТОО "SHNET"

ДКРЕМ по ВКО сообщает, 7 октября 2025 года в 10.00 состоятся публичные слушания по рассмотрению проекта тарифа и тарифной сметы ТОО "SHNET" на услуги по производству тепловой энергии по адресу: город Риддер, улица Тохтарова, № 6А.

Между тем сообщаем, что потребители и иные заинтересованные лица смогут в режиме онлайн принять участие на публичных слушаниях перейдя на официальную страничку в Facebook Департамента.

Для принятия участия в публичном слушании необходимо в приложении "FACEBOOK" ввести в поиске Департамент РЕМ ВКО.

Каждый желающий может в онлайн-режиме задать свои вопросы и получить на них ответы.

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

ПОДАТЬ ОБЪЯВЛЕНИЕ,
НЕ ВЫХОДЯ ИЗ ДОМА,
ВЫ МОЖЕТЕ ЧЕРЕЗ СЛУЖБУ

АО "КАЗАХТЕЛЕКОМ"

1691

ТМРК "Қазақстан темір жолы" ҰК АҚ-ның өтінімі бойынша жария тыңдау өткізеді

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитеті 2025 жылы 24 қазан сағ.15:00-де "Қазақстан темір жолы" ҰК АҚ-ның магистральдық теміржол желілерінің және кірме жолдардың қызметтері бойынша 2026-2030 жылдарға тарифті және тарифтік сметаны бекітуге өтінімін қарау шеңберінде жария тыңдау өткізетіндігін хабарлайды.

Іс-шара Астана қ., Мәңгілік ел даңғ., 8 үй, "Министрліктер үйі" Әкімшілік ғимараты, 10 кіреберіс, № 439 кабинет мекенжайында өтеді.

Барлық мүдделі тұлғалардың қатысуын қамтамасыз ету мақсатында жария тыңдаулар параллельді түрде онлайн режимде "ZOOM" платформасы арқылы көрсетілетін болады (конференция идентификаторы: 946 0592 2142; қол жеткізу коды: 119807, <https://zoom.us/j/9460592214>

2?pwd=6KBwRRnb0Ua9trM8ayLhXrawVjaDvq.1).

Тыңдауға Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихаттардың депутаттары, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік органдардың, табиғи монополия субъектісінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар қатыса алады.

"Қазақстан темір жолы" ҰК АҚ өтінімі ашық қолжетімділікте <https://monopolist.gov.kz> сілтеме бойынша орналастырылған.

Байланыс телефондары:

- Комитеттің тел. +7 (7172) 74-20-10, www.gov.kz/memleket/entities/krem
- "Қазақстан темір жолы" ҰК АҚ-ның және интернет-ресурсының мекенжайы: тел. +7 (7172) 60-37-18, <https://railways.kz/ru/>

КРЕМ проведёт слушания по заявке АО "НК "Қазақстан темір жолы"

Комитет по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан сообщает о проведении 24 октября 2025 года в 15:00 публичного слушания по заявке АО "НК "Қазақстан темір жолы" на утверждение тарифа и тарифной сметы на услуги магистральной железнодорожной сети и подъездных путей на 2026–2030 годы.

Мероприятие состоится по адресу: г. Астана, пр. Мәңгілік ел, дом 8, административное здание "Дом министерств", 10 подъезд, кабинет № 439.

В целях обеспечения широкого участия всех заинтересованных сторон слушание также будет транслироваться на платформе ZOOM (идентификатор конференции: 946 0592 2142; код доступа: 119807; ссылка для подключения: <https://zoom.us/j/94605922142?pwd=6KBwRRnb0Ua9trM8ayLhXrawVjaDvq.1>).

К участию приглашаются депутаты Парламента и маслихатов, представители государственных органов и органов местного самоуправления, субъекта естественной монополии, общественных объединений, средств массовой информации, независимые эксперты, потребители и иные заинтересованные лица.

Заявка АО "НК "Қазақстан темір жолы" размещена в открытом доступе на сайте Базы Монополист по ссылке: <https://monopolist.gov.kz>.

Контактные данные:
• Комитет по регулированию естественных монополий: +7 (7172) 74-20-10, www.gov.kz/memleket/entities/krem;

- АО "НК "Қазақстан темір жолы": +7 (7172) 60-37-18, www.railways.kz.

Хабарландыру

"Шығыс Жылу" АҚ ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2025 жылғы 6 қараша күні 10.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Максим Горький көшесі, 61, 2-қабат, конференц-залында "Шығыс Жылу" АҚ-ның "Рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Экологиялық бақылау бағдарламасы, Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары" № 2 қазандықты "Шығыс Жылу" АҚ үшін.

Жобалық құжаттамалар пакетімен Қазақстан Республикасының қоршаған ортаның жай-күйі мен табиғи ресурстар жөніндегі деректерінің ұлттық банкі Бірыңғай экологиялық порталынан танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/> Барлық ескертулер мен/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдау өткізілетін күннен кемінде 3 жұмыс күні бұрын Қоршаған ортаның жай-күйі мен табиғи ресурстар жөніндегі деректердің ұлттық

банкі – Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ электронды пошта арқылы қабылданады: g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz.

Төтенше жағдай енгізілген және (немесе) шектеу шаралары, соның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар болған жағдайда, қоғамдық тыңдау онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталында және МҚБ сайтында орналастырылады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/press/article/1?direction=3727&lang=ru>

Қосымша ақпаратты мына электронды пошта арқылы алуға болады: centrecoproekt@mail.ru немесе телефон арқылы: 8 (7232) 76-82-76.

Материалдарды әзірлеуші: "Центр-ЭКОпроект" ЖШС, БСН 090440015246, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин көшесі, 12.

Қоғамдық тыңдауға қатысу үшін жеке куәлікті өзіңізбен бірге алып келу қажет.

Объявление

АО "Шығыс Жылу", в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 10.00 06.11.2025 по адресу: Восточно-Казахстанская область, город Усть-Каменогорск, улица Максима Горького, 61, 2 этаж, конференц-зал, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту "Проект нормативов допустимых выбросов. Программа управления отходами. Программа экологического контроля. План природоохранных мероприятий" для котельной № 2 АО "Шығыс Жылу".

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале "Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов" <https://ndbecology.gov.kz/>

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином эко-

логическом портале "Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов", а также на эл. адрес: g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на едином экологическом портале и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/press/article/1?direction=3727&lang=ru>

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: centrecoproekt@mail.ru, и по телефону 8 (7232) 76-82-76.

Разработчик материалов: ТОО "Центр-ЭКОпроект", БИН 090440015246, РК, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Потанина, 12.

Для регистрации участия в общественных слушаниях при себе иметь удостоверение личности.

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Өскемен ЖЭО" ЖШС ІІ санаттағы объекті үшін (№ 3 күл үйіндісі) әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша ашық жиналыстар нысанында келесі жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталғаны туралы хабарлайды: "Қалдықтарды басқару бағдарламасы", "Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы", "Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары".

Әсер ету аумағы – ШҚО Глубокое ауданының Опытно-поле ауылдық округі.

Географиялық координаттары: [50.016389, 82.554836], [50.020922, 82.552698], [50.023277, 82.547078], [50.019186, 82.548819].

Тыңдаулар ШҚО, Глубокое ауданы, Опытно-поле кенті, Степная көшесі, 2, мекенжайы бойынша 07.11.2025 14.00-де (мәдениет үйінде) өтеді.

Материалдарға тапсырыс беруші - "Өскемен ЖЭО" ЖШС, БСН 030540000538, ШҚО, Өскемен қаласы, Промышленная көшесі, 2, тел. 8 (7232) 29-03-59, 29-03-66, e-mail: uktets@uktets.kz.

Жобаны әзірлеуші - "Проектно-экологическое бюро" ЖШС, 120340012935 БСН,

ШҚО, Өскемен қ., даңғылы Назарбаев, 7/1, тел. 8-771-175-46-61, e-mail: ukflial@mail.ru.

Экологиялық рұқсат алу үшін материалдар және онлайн қатысуға белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда (БЭК) - <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ "ШҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ сайтында "Қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде қолжетімді.

Онлайн қатысуға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/85397995975?pwd=NEAbptHZC5EbHP7cluiR56YztIAC2n.1>

Конференция идентификаторы: 853 9799 5975, қатынас коды: 251107

Қосымша ақпаратты ШҚО, Өскемен қаласы, Промышленная көшесі, 2,3 мекенжайы бойынша алуға болады, e-mail: uktets@uktets.kz, yuriy.litvinov@uktets.kz; тел.: 8 (7232) 29-03-59, 29-02-96.

Ескертулер мен ұсыныстар ШҚО ТРЖТ-ПРБ ММ: priemnaia.upripvko@akimvko.gov.kz, g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz, тапсырыс берушінің: uktets@uktets.kz электрондық мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО "Усть-Каменогорская ТЭЦ" сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний по материалам для получения экологического разрешения на воздействие для объекта II категории (золоотвал № 3) следующих проектов: "Программа управления отходами", "Программа производственного экологического контроля", "План мероприятий по охране окружающей среды".

Территория воздействия – Опытно-польский сельский округ Глубокского района ВКО.

Географические координаты: [50.016389, 82.554836], [50.020922, 82.552698], [50.023277, 82.547078], [50.019186, 82.548819].

Слушания состоятся 07.11.2025 в 14.00 по адресу: ВКО, Глубокский район, п. Опытно-поле, ул. Степная, 2 (Дом культуры).

Заказчик материалов – ТОО "Усть-Каменогорская ТЭЦ", БИН 030540000538, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Промышленная, 2, тел.: 8 (7232) 29-03-59, 29-03-66, e-mail: uktets@uktets.kz.

Разработчик проекта – ТОО "Проектно-

экологическое бюро", БИН 120340012935, ВКО, г. Усть-Каменогорск, пр. Назарбаева, 7/1, тел. 8-771-175-46-61, e-mail: ukflial@mail.ru.

Материалы для получения экологического разрешения и активная ссылка на онлайн-участие доступны на Едином экологическом портале (ЕЭП) – <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте ГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ВКО" в разделе "Общественные слушания".

Ссылка на онлайн-участие: <https://us06web.zoom.us/j/85397995975?pwd=NEAbptHZC5EbHP7cluiR56YztIAC2n.1>

Идентификатор конференции: 853 9799 5975, код доступа: 251107

Дополнительную информацию можно получить по адресу заказчика: ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Промышленная, 2, e-mail: uktets@uktets.kz, yuriy.litvinov@uktets.kz; тел.: 8 (7232) 29-03-59, 29-02-96.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты начала проведения общественных слушаний по электронному адресу УПРП ВКО: priemnaia.upripvko@akimvko.gov.kz, g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz, заказчик: uktets@uktets.kz.